

**Сарқан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 16 сәуірдегі "Сарқан ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" № 23-96 шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

Жетісу облысы Сарқан аудандық мәслихатының 2025 жылғы 7 сәуірдегі № 39-157 шешімі. Жетісу облысы Әділет департаментінде 2025 жылы 9 сәуірде № 291-19 болып тіркелді

Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарқан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 16 сәуірдегі "Сарқан ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындау туралы" № 23-96 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 195892 болып тіркелген) келесі өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Сарқан ауданында тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібінде:

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Құжаттарды қарау және тұрғын үй көмегін көрсету туралы шешім қабылдау немесе көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап беру мерзімі Мемлекеттік корпорациядан немесе "электрондық үкімет" веб-порталынан құжаттардың толық топтамасын алған күннен бастап 6 (алты) жұмыс күнін құрайды."

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сарқан аудандық мәслихатының төрағасы*

*М. Разбеков*